

**«Ақмола облысы білім басқармасы Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Максимовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**«JAS Шабыт»драма үйірмесінің бағдарламасы  
(8-9 сынып)**

**Құрастырушы:**

А. Д. Киржикбаева,

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**Максимовка ауылы**

## **Мазмұны**

**«JAS Шабыт»драма үйірмесінің бағдарламасы.....3-17 бет**

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....18 бет**

**«JAS Шабыт»драма үйірмесінің бағдарламасы**  
(8-9 сынып)

**Құрастырушы:**

**Киржикбаева А. Д.** –Максимовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**Түсінік хат**

Бағдарлама 8-9-сыныпқа арналған, аптасына 1 сағат, жылдық сағат саны - 34 сағатқа жоспарланған. Қазіргі кезде басты мақсат - оқушы бойында білім-білік дағдыларға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде жылдам өзгеріп жатқан өмірге бейімді, өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен кез-келген мәселені шеше алатын жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Көркем шығарманы оқып танысу жеткіліксіз. Оның мазмұны есте қалу үшін ең тиімді әдіс - туындыны бейнелеу, сахнаға шығару. «**JAS Шабыт**» драма бағдарламасының жас ұрпақты уақыт талабына тәрбиелеу ісіне қосар үлесі мол.

**Жаңашылдығы:** оқушылар білімдерін толықтырады, шығармашылық, актерлік қабілеті мен сөйлеу тілінің дамуына әсер етеді

**Өзектілігі:** кәсіптік бағдарлау, театр мәдениетіне, шығармашылық қабілетінің дамуына көмектеседі.

**Бағдарламаның мақсаты:** оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру, театр талғамын, ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру:

**Міндеттері:**

- театр өнерінің маңызын терең түсінуге мүмкіндік туғызу
- көркем сөйлеу, мәнерлеп оқуға дағдыландыру
- жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту
- театр өнеріне баулу, бағыттау

**Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, театр өнері, шешендік өнер, музыка

**Іс-әрекеттер түрі:**

- Шығармашылық іске жұмылдыру;
- АҚТ пайдалану;
- Мұражай, театрлар, кітапханаларға саяхат өткізу;
- Ой қорытындысын шығару;

**Үйірме жұмысын өткізу түрлері:**

- сахналық қойылым;
- мәнерлеп оқу сайыстары;
- поэзия кештері;

- театр әртістерімен кездесу кештері;
- бейнебаян түсіру:

**Күтілетін нәтиже:**

1. Оқушылар драма, оның түрлері, қазақ драма театрының даму тарихы, театр өнерінің тарландары туралы түсінік алады;
2. Оқушының шығармашылық қабілеті,сөйлеу шеберлігі мен сөздік қоры дамиды;
3. Пәнге қызығушылығы мен іскерлік іс-әрекеті, театр, көрермен талғамы қалыптасады;

**Мамандыққа бағдарлау:** театр, кино актерлері, тіл маманы, әдебиетші, журналистика, тарих, саясаттану.

**Ұйымдастыру формалары:** мәтінмен жұмыс, мәнерлеп оқу, топтық жұмыс, зерттеу жұмысы, ізденіс сабақ, жатқа оқу, рөлге бөліп оқу, жаттау, көріністер көрсету

Бағдарламада көрсетілген тақырыптар оқушының ізденісі мен көркем шығармаларды оқуға сүйіспеншілігін тудырады. Олардың танымдық қабілетін арттыру, шығармашылыққа үйрету, ойлана, іздене білім алуға мүмкіндік жасау, өз ойларын дәлелді айтуға дағдыландыру – ұстаз міндеті. Театр зерттеушісі С.Сәдуақасов: «Театрды көзі көретін, құлағы еститін адам ұға алады. Кітап -жалғыз хат танушылардың құралы болса, театр - көпшіліктің қаруы. Театр -көңіл көтеретін ойын үйі ғана емес, ол өз алдына мәдениеттің мектебі» - деген екен.

Оқушылар драма үйірмесінде ақын, жазушылар шығармаларымен танысады, мазмұнын түсінеді, есте сақтайды, жаттайды және кейіпкерлер әрекетіне өз көзқарастарымен баға беруге дағдыланады.

**«JAS Шабыт» драма үйірмесінің білім мазмұны**

1. **Драма туралы түсінік. Драмалық жанр.** Драма жанрының түрлері (комедия, трагедия, мистерия, миракль, моралите, мелодрама, фарс, водевиль т.б). Кіріспе бөлім арқылы үйірменің мақсаты мен міндеті, драма туралы түсінік беру (2 сағат).
2. **Қазақ театрының пайда болу тарихы.** Қазақ театр өнерінің тарландары (Е.Өмірзақов, Қ.Жандарбеков, Қ.Қуанышбаев) туралы мәлімет, актерлер шеберлігі, Орал қаласындағы драма театрлары, қазақ драма театрына саяхат (3 сағат)
3. **Дауыс ырғағы, интонация, дикция ұғымдары.** Мысал өлеңдерді мәнерлеп оқу ерекшелігі. Дауыс ырғағы - сөйлемдерді, олардың бөлшектерін сазына келтіріп сөйлеудің ырғақты әуені. Интонация -сөйлеу

сазы. Дикция - мақам. Мысал - аллегориялық жанр. Мысал өлеңдерді рөлге бөліп оқу (2 сағат)

4. **Актерлік өнер туралы түсінік. Актерлік өнер құралдары.** Актердің жұмыс құралы - өзі, жүрісі, қимылы, мимикасы, үні, психикасы. Бұл өнердің бір құралы - тапқырлық (2 сағат)
5. **Мектеп сахнасы. Сахналық қойылымдар.** Сахна - киелі орын. Қойылымға дайындық жұмыстары. М.Шахановтың өмірі мен шығармашылығы. Поэманың мазмұнын ашу, кейіпкерлер іс-әрекетіне талдау жасау. М.Шахановтың «Отырар» поэмасы бойынша көрініс қою (2 сағат)
6. **Ритмикалық топ. Элизия, протеза, редукция туралы түсінік.** «Сырым мен молда» әңгімесінің мәтінімен жұмыстану (2 сағат)
7. **Сахна киімін дайындау. Кейіпкер сөзі (реплика).** Сахна киімдері - ұлттық ерекшелікті айқын танытудың тиімді тәсілі. Оларға қарап талай көрерменнің ұлт мәдениетіне тәнті болғанын көруге болады. Қойылымда өзара қабысып жатқан ұлттық ойындар мен салт-дәстүр элементтері де қойылымға ерекше бояу береді (2 сағат)
8. **Премьера туралы түсінік. Драмалық шығарма құрылысы.** Актер мен образ бірлігі. Монолог, диалогті жатқа айту.

М.Әуезовтің «Абай» либреттосымен танысу. 1939 ж М.Әуезов «Абай» трагедиясын Леонид Соболевпен бірге жазған. Басты кейіпкерлері: Абай, Айдар, Ажар. Шығармада Ажардың әдет-ғұрыпты бұзып, кедей жігіт Айдарды сүюі-феодалдық ұғым бойынша сұмдық оқиға. Міне, осындай шытырман тартысқа Абай батыл араласып, сүйген жастардың басына бостандық әпереді. Тәкежан, Оразбай, Жиренше әдет-ғұрыптың қатып семіп қалған салттары үшін күрессе, Абай мен оның тілектестері адам еркіндігін, бақытын жақтайды. Абайдың биік парасатына, кемел шешендігіне қарсы қояр дәлелі таусылып, амалсыз тосылған сұм шонжарлар Айдарға у беріп өлтіреді. Абай осындай қатерлі тартыстарға өз басы үшін емес, жаңашыл, жас қауымды қорғау үшін қатысады. «Еңлік - Кебек» драмасы да екі жастың басындағы қайғылы оқиғаға құрылған. 1940 жылы композитор Ахмет Жұбанов М.Әуезовтің «Абай» пьесасына арнап музыка жазды. Бұл «Абай» операсының жазылуына түрткі болды. «Абай» операсы ақынға арналған ең үлкен музыкалық шығарма. Операда Абайдың өз өлеңдері айтылады. Абайдың «Айттым сәлем Қаламқас», «Сегіз аяқ» әндерін операның бас кейіпкері Айдар орындайды. Сұхбат - интервью жүргізудің әдіс-тәсілдері. (4 сағат)

9. **Комедиялық шығармалар туралы түсінік.** Комедия жанрының тарихы. Пантомима, мимика өнерлері. Комедия жанры қандай дәуір болмасын,

халықтың тұрмысында өзінің өзектілігін, мазмұндылығын жоймайды .  
Өйткені қоғамдағы кемшілік, адамның мінезіндегі келеңсіздіктерді  
әшкерелеу комедия жанрының басты міндеті болып табылады ( 3 сағат)

10. **Ш.Мұртаза «Қызыл жебе» романынан үзінді «Тұтқын бала» көрінісі.**

Тұрар Рысқұловтың балалық шағы, мақсаты, көзқарасын таныту. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы авторлық баяндаудан басталады. Бір карағанда романның басталуы жай ғана хабарлау болып көрінгенмен, көп жайдан хабар беріп тұрғанын байқауға болады. Романның көркемдік әлемінің күретамыры әке Рысқұл мен бала Тұрар. Торға қамалған жай момын не айлакер, сотқар емес, даланың арыстаны мен жолбарысы деген бала бойында түсінік қалыптасуы тиіс (2 сағат)

11. **Эпостық шығармаларды оқу ерекшелігі.** Мектеп сахнасында «Айман - Шолпан» жырынан көрініс қою ( 2 сағат)

12. **Актерлер тағдыры.** Қазақ театры мен кино өнерінің шеберлері А.Әшімов, Т.Жаманқұлов өмірі мен шығармашылығы. Дөңгелек үстел. Талдау, өзара пікір алысу ( 2 сағат)

13. **Театр әртістерімен кездесу.** Ой бөлісу. С. Асылханның «Сахна саңлақтары» атты толғау кітабымен танысу. «Қайнар» баспасы 2009 ж (2 сағат)

14. **Өзіндік тапсырмалар.** Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштау мақсатында өлең жазу, сөзжұмбақ құрастыру, ойтолғау, кері байланыс парақтарын толтыру. Әшірбек Сығайдың «Сәбира Майқанова», «Сахна әлемі» туындыларымен танысу (1 сағат)

15. **«Үздік актер»** байқауының жеңімпазын анықтау (1 сағат)

16. **Қорытынды кеш** ( 1 сағат)

17.

**Тақырыптық-күнтізбелік жоспар**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Сабақтың түрі	Сабақтың әдісі	Пәнаралық байланыс	Пайдаланылған әдебиеттер және қосымша оқу	Сабақтың түрі
1.	Драма туралы түсінік	1	Кіріспе	Сұрақ-жауап Салыстыру Көрнекілік	Қазақ әдебиеті	«Қазақ өнерінің тарихы» I том «Өнер»- 2008ж	Кіріспе

2.	Драма түрлері (комедия, трагедия, мистерия т.б)	1	Жаңа білім беру	Кітаппен жұмыс	Театр Әдебиет		Жаңа білім беру
3.	Қазақ театрының пайда болу тарихы	1	Жаңа білім беру, практикалық	Тарихи шығармалармен жұмыс	Қазақстан тарихы	«Дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнер» «Өнер» 2008 ж	Жаңа білім беру, практикалық
4.	Қазақ театр өнерінің тарландары (Е.Өмірзақов Қ.ЖандарбековҚ. Қуанышбаев)	1	Жаңа білім беру, практикалық	Кітаппен жұмыс, мәнерлеп оқу	Әдебиет Қазақ өнерінің тарихы	«Театр өнері» "Өнер" 2008 ж	Жаңа білім беру, практикалық
5.	Қазақ драма театрына саяхат	1	Жаңа білім беру, практикалық	Кітаппен жұмыс, мәнерлеп оқу, пікірлесу	Театр		Жаңа білім беру, практикалық
6.	Дауыс ырғағы, интонация, дикция ұғымдары	1	Жаңа білім беру, практикалық	Кітаппен жұмыс, өлеңді жатқа оқу	Әдебиет теориясы, сөз сыры	Б.Ысқақов «Кішкене театр» А-1959 ж	Жаңа білім беру, практикалық
7.	Өлеңді мәнерлеп оқу	1	Жаңа білім беру, практикалық	Кітаппен жұмыс, мәнерлеп оқу, ой бөлісу	Әдебиет теориясы	«Мектеп кеші көңілді»- Алматы, «Өнер»- 1990 ж	Жаңа білім беру, практикалық
8.	Мысал өлеңдерді рөлге бөліп мәнерлеп оқу	1	Жаңа білім беру	Мәнерлеп оқу, талдау	Поэзия, тіл білімі	Қ.Бітібаева "Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы" А- «Мектеп»- 2003 ж	Жаңа білім беру
9.	Актерлік өнер туралы түсінік	1	Жаңа білім беру	Талдау, мәнерлеп оқу			Жаңа білім беру

10.	Актерлік өнер құралдары	1	Жаңа білім беру	Көрініс, мәнерлеп оқу, талдау	Бейнелеу өнері	«Қазақ өнерінің тарихы» Өнер-2008 ж	Жаңа білім беру
11.	Сахналық қойылымға дайындық	1	Жаңа білім беру	Мәнерлеп оқу, сатылай талдау	Әдебиет		Жаңа білім беру
12.	М.Шахановтың «Отырар» поэмасы бойынша мектеп сахнасына сахналық қойылым қою	1	Жаңа білім беру	Психология, қазақ тілі (асыл сөз)	Әдебиет	«Сыныптан тыс жұмыстар» журналы №9-2003ж	Жаңа білім беру
13.	Ритмикалық топ (элизия, протеза, редукция) туралы түсінік	1	Жаңа білім беру, практикалық	Көлемді лирикалық шығармаларды сатылай-кешенді талдау	Қазақстан тарихы	«Шағын пьесалар» А-1992 ж	Жаңа білім беру, практикалық
14.	«Сырым мен молда» мәтінін рөлге бөліп оқу, кейіпкер болмысына ену	1	Жаңа білім беру, практикалық	Ой қозғау, талдау, пікір алысу	Шешендік өнер		Жаңа білім беру, практикалық
15.	Сахна киімін дайындау	1	Жаңа білім беру, практикалық	Пікіралысу	Бейнелеу өнері	«Мектептегі мерекелер» "С-Паритет"- 2000 ж	Жаңа білім беру, практикалық
16.	Кейіпкер сөзі (реплика)	1	Жаңа білім беру, практикалық	Талдау, ізденіс	Поэзия	З.Қабдолов «Сөз өнері» А-1992 ж	Жаңа білім беру, практикалық
17.	Премьера туралы түсінік	1	Жаңа білім беру	Салыстыру, тұжырымдау	Қазақстан тарихы Театр өнері		Жаңа білім беру
18.	Монологті жатқа айтып дағдылану	1	Жаңа білім беру	Мәнерлеп оқу, талдау	Әдебиет		Жаңа білім беру



19.	«Қарашаш сұлудың қайтыс болғанын естірту» мәтінін рөлге бөліп оқу, әсерлі жеткізу	1	Жаңа білім беру, практикалық	Мәнерлеп рөлге бөліп оқу, жаттау, талдау	Ауыз әдебиеті Шешендік өнер	С.Негимов «Шешендік өнер», А-1997 ж	Жаңа білім беру, практикалық
20.	Сұхбат-интервью алуға дайындық	1	Жаңа білім беру, практикалық	Талдау, салыстыру, мәтіннен көркемдегіш сөздерді табу	Әдебиет теориясы	Кк. wikipedia.org/wiki / театр сайты	Жаңа білім беру, практикалық
21.	Драмалық шығарма құрылымы	1	Жаңа білім беру, практикалық	Әндерін тыңдау, мәнерлеп оқу, ой бөлісу	Саз өнері		Жаңа білім беру, практикалық
22.	Сахналық қойылымға дайындық	1	Жаңа білім беру, практикалық	Мәнерлеп оқу, талдау	Орыс әдебиеті		Жаңа білім беру, практикалық
23.	Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романынан үзінді «Тұтқын бала» көрінісін мектеп сахнасына қою	1	Жаңа білім беру		Қазақстан тарихы		Жаңа білім беру
24.	Комедиялық шығармалар туралы түсінік	1	практикалық	Салыстыру, тұжырым жасау	Әдебиет теориясы		практикалық
25.	Мәтінмен жұмыс	1	Жаңа білім беру, практикалық	Пікір айту, дәлелдеу, қорғау			Жаңа білім беру, практикалық
26.	Пантомима, мимика өнерлері	1	Жаңа білім беру, практикалық	Жаттығулар, мәнерлеп оқу, топтық жұмыс	Театр өнері	Massaget. kz /madeniet/ 2236 сайты	Жаңа білім беру, практикалық

27.	Эпостық шығармаларды рөлге бөліп оқу	1	Жаңа білім беру	Көрініс әзірлеу, қосымша деректер жинау	Қазақстан тарихы		Жаңа білім беру
28.	Мектеп сахнасы «Айман-Шолпан» жырынан көрініс қою	1	Жаңа білім беру, практикалық	Мұрағат материалдарымен жұмыс	Баспасөз материалдары		Жаңа білім беру, практикалық
29.	Актерлер тағдыры (А.Әшімов, Т.Жаманқұлов)	1	Жаңа білім беру, практикалық	Ізденіс, семинар сұрақтары	Қазақстан өнерінің тарихы	«Аңыз адам» журналы №8-2011 ж	Жаңа білім беру, практикалық
30.	Дөңгелек үстел	1	Жаңа білім беру, практикалық	Сұрақ-жауап, оқу, ізденіс жұмыстары			Жаңа білім беру, практикалық
31.	Театр әртістерімен кездесу	1	Жаңа білім беру, практикалық	Талдау, салыстыру	Сөз өнері	"Сценарии школьных праздников" «С-Паритет»-2000 ж	Жаңа білім беру, практикалық
32.	Өзіндік тапсырмалар (өлең жазу, сөзжұмбақ, ойтолғау, ертегі, шығарма жазу)	1	Жаңа білім беру, практикалық	Мәтінді оқу, талдау, ой жүйесіне бағыттау	Әдебиет	"Кеш жарық" А-«Өнер» - 1989 ж	Жаңа білім беру, практикалық
33.	«Үздік актер» байқауын өткізу	1	Жаңа білім беру, практикалық	Ойтолғау сұрақ-жауап, пікірталас	Баспасөз беттері	«Мектеп тегі мережелер» журналы №5-2009 ж	Жаңа білім беру, практикалық
34.	Қорытынды кеш	1	Жаңа білім беру, практикалық	Талдау, сұрақ-жауап	Тіл білімі Қанатты сөздер		Жаңа білім беру, практикалық

## **1. Драма туралы түсінік**

Драма - грек тілінде drama - әрекет деген мағынаны білдіреді. Әдебиеттің эпос, лирика, сынды үш тегінің бірі драмада оқиға тартыс, не тартыстар желісіне жинақталып, кейіпкерлер әрекеті арқылы дамиды. Драма - көркем шындықты ерекше тәсілдермен шиеленіскен тартыстар желісіне жинақтап. оқиғаға қатысатын кейіпкерлер сөзі мен іс-қимылы арқылы көрсететін сөз өнерінің күрделі тегі.

## **2. Драма түрлері**

Драмалық жанр трагедия, драма, комедия болып үшке бөлінеді. Оның мистерия, миракль, моралите, мелодрама, фарс, водевиль, трагикомедия сияқты жанрлары қалыптасты. Бұлар өзара суреттемек болған оқиғасын және оқиғаға қатысушыларды талғап алу түріне қарай айырылады. Драма бастапқы кезде хор, диалог, би, айтыс, пантомимамен аралас болып, синтетикалық өнер саласы ретінде дамыған.

## **3. Қазақ театрының пайда болу тарихы**

Театр - көне грек сөзі. Қазақ тіліне аударғанда "көретін орын" деген мағынаны білдіреді. Сахналық қойылым алғаш рет Ежелгі Мысырда қойылған екен. Ежелгі Грекияда комедия, трагедия жанрлары қалыптасқан. 1765 ж Омбыда қалалық театр ашылды. 1860 ж Орал қаласында орыс театры ұйымдастырылды. Қазақ театрлары ХХ ғ 14-15-жылдары басталды. 1915 жылы Семейде семинария студенті Ж.Аймауытов "Біржан мен Сара айтысын" қысқартып, сахналық нұсқасын жасаған. 1917 ж Ойқұдық жайлауында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы) М.Әуезовтің "Еңлік - Кебек" трагедиясы алғаш рет сахналанды. 1926 ж тұңғыш кәсіби театр Қызылорда қаласында ашылған. 1928 ж Алматыға қоныс аударып, Қазақ мемлекеттік драма театры атанды. Елімізде 35 кәсіби театр, 9 қазақ драма театры, 6 музыкалық драма театры, 2 балалар мен жасөспірімдер театры, 5 қуыршақ театры жұмыс жасайды.

## **4. Қазақ театр өнерінің тарландары**

### **(Е.Өмірзақов, Қ.Жандарбеков, Қ.Қуанышбаев)**

Артисті тәрбиелейтін - жақсы пьеса. Елубай Өмірзақов (1899-1974) - жасынан өнерге бейім, ел арасында домбырамен өлең айтып, ән шырқаған, күлдіргіш, сауыққой, халық шығармасының бай мұрасынан сусындап өскен шебер. Е.Өмірзақов - көбінесе шыншылдық, ішкі сарай (нутро) және зауықпен (вдохновение) ойнайтын актер. Е.Өмірзақов жүре актер болған емес, туа актер болған адам.

Құрманбек Жандарбеков (1905-1973) - жасынан әнге құмар, халқының өнерін бойына мол жинаған адам. 1916 ж патша жарлығымен майданға қара жұмысқа айдалған. 1917 ж елге оралған. Қоянды жәрмеңкесінде тамаша ойын-сауықтың

ұйтқысы болды. Қ.Қуанышбаев жасаған сахналық дүниелердің ішінде Абайдың бейнесі ерекше. Ол - актерлық өнердің шырқау биігі.

### **5. Қазақ драма театрына саяхат**

Орал қаласында қазақ драма театры Қарашығанақ интеграцияланған әлеуметтік бағдарламасы шеңберінде салынды. Оның ашылу салтанатына 2002 ж 11 қыркүйекте ҚР - ның Президенті Н.Ә.Назарбаев қатысып, сөз сөйледі. Орал қаласындағы қазақ драма театры - Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін салынған алғашқы театр. Бұнда көрермен залы, екі үлкен жаттығу залы, қоғамдық шаралар өткізу, сыйлы қонақтар залы, декорация жасау цехы, заманауи тон - студиялар бар. Театр труппасында ҚР - ның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сердеш Қажымұратов, оның жұбайы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қарлығаш Асқарова, сахна шеберлері Гүлжиян Шынтемір, Боранбай Молдабаев, республикалық көркем сөз байқауларының лауреаттары Асхат Маемиров, Қуаныш Амандықов сияқты талантты әртістер бар. 2013 ж театр ұжымы республикалық театр байқауларының лауреаты атанды. Театр сахнасында Х.Ерғалиевтің "Құрманғазы", Иран Ғайыптың "Махамбет", "Қорқыт" шығармалары бар.

### **6. Дауыс ырғағы, интонация, дикция ұғымдары**

Кіп-кішкентай бозторғай әні күллі далаға естіледі. Театр әртісінің даусы - көрерменге әсер етудің басты құралы. Дауыс ырғағы - сөйлемдерді, олардың бөлшектерін сазына келтіріп сөйлеудің ырғақты әуені. Интонация - сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация сөз бен ой екпіні, сөйлеу қарқыны, ритм, паузадан тұрады. Дикция - мақам. Сөйлегенде, өлең оқығанда сөздің, буынның ашық, анық айтылуы.

### **7. Өлеңді мәнерлеп оқу**

Мәнерлеп оқу дегеніміз - дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екпінін дұрыс қоя білу, ақырында оқығанды түсініп, кейіпкердің көңіл-күйін сезіне, оқи білу. Оқушылар өлең сөздердің мәнін, шығарманың көркемдігін және оның әсерлілігін мәнерлеп оқу арқылы байқайды. Мәнерлеп оқу үшін кеуде қуысына толы ауаны орынды пайдаланып, дұрыс дем ала білудің мәні зор. Өкпедегі ауаны тауыспай, оқу процесінде үнемі дем алып, ауаны керегінше жұту - мәнерлеп оқуға жағдай туғызады.

### **8. Мысал өлеңдерді рөлге бөліп мәнерлеп оқу**

Мысал - аллегориялық жанр. Айтылатын ой ашық берілмейді. Астармен, меңзеумен беріледі. Мысал өлеңдердің кейіпкерлерінің бейнесін жасауда әтеш, есек, қасқыр, арыстан, түлкі, қой кейпінде киініп, рөлге бөліп оқу-оқушылардың ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

## 9. Актерлік өнер туралы түсінік

Актерлік өнер - адам бойындағы қабілеттерінің көмегімен белгілі бір кезең мен уақытқа тән тірі образ (кейіп) жасау өнері. Ол шабыт күшін, қиял қуатын, ыстық сезімді талап ететін ерекше қабілет. Актерлік өнердің балетте - бимен, операда - әнмен, драма театрында - сөзбен тығыз байланысты үш түрі айқындалды. Актердің жұмыс құралы - өзі, жүрісі, қимылы, мимикасы, үні және психикасы. Актерлерді 1932 жылдан бастап театр студиялары, 1978 жылдан Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы даярлайды.

## 10. Актерлік өнер құралдары

Актерлік өнердің бір құралы - тапқырлық. Сахнада тапқырлық автор мен режиссердің артқан міндетін орындай отырып, рөл табиғатын сақтап әсерлендіру болып табылады. 1936 ж Мәскеуде Қазақстанның онкүндігі кезінде Қ.Жандарбеков "Қыз Жібек" операсында Бекжан рөлінде ойнап жүрген көріністе даусының жетпей қалатынын байқап, әнді шырқай көтерудің орнына қарқылдап күліп жібереді де, әнді жалғастыра береді. Бұл әрекеттің сәтті тапқырлық болғаны сонша, кейін Бекежан рөлін орындаушылардың бәрі осылай айтатын болды.

## 11. Сахналық қойылымға дайындық

Оқушыларға рөлдерін, сөздерін бөліп беру, дайындық жұмыстарын бастау.

## 12. М.Шахановтың "Отырар" поэмасы бойынша сахналық қойылым қою

## 13. Ритмикалық топ (элизия, протеза, редукция) туралы түсінік

Сахналық көріністерде оқушылардың сөйлеу тілі ерекше рөл атқарады. Тым-тырыс залда оның әрбір айтқан сөзін көрермен қалт жібермей тыңдап отырады. Сондықтан сөз ритмикасына ерекше көңіл аударған жөн.

**Элизия латынша elisio - ысыру, ығыстыру** яғни сөздің соңғы дыбысы дауысты дыбыстан аяқталып, оған тіркесіп айтылған сөзге жалғанатын қосымшаның бастапқы дыбысы дауысты болған жағдайда қатар тұрған бір дауысты дыбыс түсіріліп айтылады. Мысалы, бара алмады - баралмады, не үшін - нешүн т.б.

**Протеза француз тілінде prothese - қосылу**, яғни сөйлеу тілінде кейбір сөздердің алдында дыбыс қосылып айтылады. Олар көбінесе қысаң ы, і дыбыстары. Мысалы лақ - ылақ, рас - ырас т.б.

**Редукция латынша reducere - қысқару**, яғни дауысты дыбыстардың қысандануы, сөйлеу кезінде дыбыстардың сөзде айтылмай түсіп қалуы.

**14. "Сырым мен молда" мәтінін рөлге бөліп оқу, кейіпкер болмысына ену**  
Драма оқиғасында кейіпкерлер іс-әрекеті ерекше орын алады. Театр қойылымдары сахнада көрерменнің көз алдында өтеді, сондықтан ол-жанды көрініс. Қойылымның орталық кейіпкері батыл да байсалды кейіпкер бейнесін

жасауда үлкен шеберлік көрсетуі тиіс. Шынайы шыққан көріністер көркемдік сипатқа ие болады.

### **15. Сахна киімін дайындау**

Оқушылармен бірге сахналық киімдер даярланады.

### **16. Кейіпкер сөзі (реплика)**

Драмалық шығармаларда баяндау болмайды. Оқиға, яғни тартыс желісі **репликалар (кейіпкер сөзі)** арқылы дамиды. Автор кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын білдіретін түсініктемелерді жақша ішіне бөлек жазып отырады. Оларды «авторлық ремарка» деп атайды. Оқиғаның негізгі даму арнасы болып табылатын кейіпкерлер сөзі, яғни, ремаркалар, көбінесе диалог, монолог түрінде келеді. Қалай болғанда да репликалар шымыр, ондағы кейіпкер мүддесі мен құштарлығы, аласұрған сезім әлемі көрермендерді еліктіретіндей деңгейде құрылуы шарт.

### **17. Премьера туралы түсінік**

Премьера - тек қана істің нәтижесі емес, ол жасампаздық еңбектің жалғасы, шарықтау шегі. Актер көрермендер алдында жұмыс үстінде әр спектакль сайын жаңарып отырады. Актер мен образ бірігіп кеткендей әсер қалдырса, актерлік өнердің табысты болғаны.

### **18. Монологті жатқа айтып дағдылану**

Монолог туралы ұғымда ол кейіпкер сөзі екендігі, драмалық туындыларда монологке ерекше мән берілетіні айтылса, екінші кезеңде осы монологтердің драмада атқарып тұрған маңызы, орны ашылуы керек. Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясында Жантық монологі бүкіл трагедиядағы Жантықтың кім екендігін оқырманға да, көрерменге де айқын ашады. Жантықтың небір аяр істерін, оның себебін осы монолог дәлелдейді. Қарабай қойнына зәр жыландай кіріп алған Жантық, ең алдымен, сол Қарабайдың өзін шағады. Кейіпкерлер монологін ұнтаспадан тыңдау - өте тиімді әдіс

### **19. «Қарашаш сұлудың қайтыс болғанын естірту» мәтінін рөлге бөліп оқу, әсерлі жеткізу**

Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы - шешендік сөздер.

Шешендік сөздер дегеніміз - белгілі бір оқиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған шығарма. Әңгімені оқушылар рөлге бөліп оқиды.

### **20. Сұхбат - интервью алуға дайындық**

Интервью - ағылшын тілінде interview - сұхбаттасу деген мағынаны білдіреді. Сұхбат еркін, стандартты түрлерге бөлінеді. Еркін сұхбатта тақырыпқа қатысты сұрақтар еркін, ал стандартты сұхбатта сұрақтар алдын-ала әзірленген сұрақтар болуы мүмкін. Сұхбат - интервьюде қойылған сұрақтан гөрі алынған жауап маңызды болмақ. Әңгіме - сұхбатта жанама, тура, ашық,

жабық сұрақтар қолданылуы мүмкін. Әңгіме - сұхбат жүргізу үшін ең алдымен сұрақтардың тізімін жасап алу керек, ол сұрақтар жүйелі орналасу керек.

Оқушылардың үйірмеге қызығушылығын арттыру мақсатында драманың жазылу тарихы, оны ойнаған артистер туралы әңгімелеу, ол туралы әдебиетшілер мен сыншылар пікірі жазылған көрнекіліктерді пайдалану тиімді болмақ.

## **21. Драмалық шығарма құрылымы**

Драмада оқиғаның (тартыстың) басталуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімін табуы болады. Кейбір драмалық шығармалар мұндай классикалық үлгіден өзгеше, яғни бірден тартыстың шиеленіскен тұсынан басталуы мүмкін. Ежелгі грек трагедияларында сахналық шығармалардағы тартыс аяқталып, өз шешімін тапқан соң, міндетті түрде бас кейіпкердің азапты күйі көрсетілген. Мұны « катарсис - күнәсінен арылу» деп атаған. Сезім мен қайғы-қасіретке толы бас кейіпкер монологі көрермендерге қатты әсер еткен. Қазіргі кезде осы үрдіс қазақ драмаларында кең қолданылып жүр.

## **22. Сахналық қойылымға дайындық**

**8 наурыз мерекесі қарсаңында "Соқыр ана" қойылымына дайындық**

**23. Ш. Мұртазаның "Қызыл жебе" романынан үзінді "Тұтқын бала" көрінісін мектеп сахнасына қою.**

## **24. Комедиялық шығармалар туралы түсінік**

Комедияның атасы саналатын Аристофаннан (біздің жыл санауымыздан бұрынғы V ғасыр) бері қарай өзіне тән ерекшеліктерді айқындалып, комедия драмалық жанрдың белгілі бір түрі ретінде қалыптасқан. Комедия мінездегі кемістікті, істегі қателікті, өмірдегі әр алуан сорақылықтарды сынау, шенеуде ең күшті құралдың бір түрі ретінде қалыптасады. Комедияның юморлық және сатиралық түрі бар. Юморлық түріне Гогольдің «Үйленуі», М.Әуезовтің «Айман - Шолпаны» жатады. Сатиралық комедияға Гогольдің «Ревизорын» алуға болады. Бұл комедия әлі сахнадан түскен жоқ. Себебі өзімшілдік, өсек, жалақорлық сияқты мінездер күні бүгінге дейін сақталып отыр. «Ревизор» соларды көпшілік сотына тартып, жоюға атсалысады. Оның тәрбиелік мәні де осында.

## **25. Мәтінмен жұмыс**

Өмір туралы философиялық пайымдауларға толы новеллалардың жаңа үлгісін жасауда Саттар Ерубаеттың қазақ әдебиетінде тың жол бастады. Шағын новеллалардың өзінде ол үлкен өмір туралы көп нәрсе аңғарта алады және адам кейіптерін ашу әдісімен де тартымды келеді. «Мен бақытты көрсем деуші едім... Біздің қақпаның алдындағы үлкен қара жолмен бір қайыршы шал өтетін еді. Шал ұзын асасын жоғары көтеріп алып: -Е, азаматтар, бақытты болыңдар!- дейтін еді. Менің бақытты көргім келеді...» Осылай басталып «Мен көруге

құмар болған Бақыт қазір мені де, менің жолдастарымды да көтеріп, шаршатпай алға қарай алып бара жатқан сияқты. Бақыт өмірмен қатар келмейді екен, өмірге өзімсініп кіреді екенсің. Мен бақытты көрдім»-деп, оқушысын бірден баурап әкететін шығарма оқушыларды көркем мәтінді оқытуға қызықтыру мен үйретудің тиімді жолы.

## **26. Пантомима, мимика өнерлері**

Актерлық өнердің түрі - пантомима. Әсерлі сезімге толы қимыл пантомиманың негізін құрайды, мұнсыз актерлік өнер жоқ. Мимика - актердің жүрісі, қимылы, үні және психикасы.

## **27. Эпостық шығармаларды рөлге бөліп оқу**

Батырлар жыры – ауыз әдебиетінің маңызды да күрделі жанры. Онда халық арманы, тарихы баяндалады. Алдымен жырды электронды оқулықтан оқушыларға тыңдатып, жырдың оқылу мәнерімен таныстыру керек. Басты - басты эпизодтарға бөліп оқып, ізінше мазмұндату, үзінді жаттатып отыру қажет.

## **28. Мектеп сахнасы. «Айман - Шолпан» жырынан көрініс қою**

### **29. Актерлер тағдыры (А.Әшімов, Т.Жаманқұлов)**

Оқушылардың үйірмеге қызығушылығын арттыру мақсатында драманың жазылу тарихы, оны ойнаған әртістер туралы әңгімелеу, ол туралы әдебиетшілер мен сыншылар пікірі жазылған көрнекіліктерді пайдалану тиімді болмақ.

**Асанәлі Әшімұлы** 1937 ж Жамбыл облысы Сарысу ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келген. "Қазақфильм" киностудиясы және М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері, режиссері. 1961 ж Алматы консерваториясын бітірген. 1964 ж Қазақ академиялық драма театрында С.Қожамқұлов, С.Майқанова, Ш.Айманов, Х.Бөкеева сияқты өнер тарландарынан тәлім алған. «Қыз Жібек» фильміндегі Бекежан рөлі, «Атаманның ақыры», «Трансiбір экспресi» фильмдері актерге үлкен жетістіктер әкелді. А.Әшімов қаламынан ""Майраның әні", "Жан бөлек", "Ғұмыр-дария" сияқты әдеби туындылар да жарық көрді.

**Жаманқұлов Тұңғышбай Қадырұлы** -1948 ж Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Абай ауылында дүниеге келген. Ұлттық және театр мектептерінің дәстүрін терең меңгерген, диапазоны кең актер.

Қазақ драма театры сахнасында Бейсенбай (Қ.Мұқашевтың «Дала дастанында»), Арыстан (Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындасында»), Бақтығұл ( Қ.Ысқақовтың «Таңғы жаңғырығында»), Мырзахмет (Т.Ахтановтың «Жоғалған досында»), Демесін (Д.Исабековтің «Кішкентай ауылында»), Көтібар, Сырым (М.Әуезовтің «Айман - Шолпан» мен «Қарагөзінде»), Жалмұхан (Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысында»),



Абылай хан (Ә.Кекілбаевтың «Абылай ханында», М.Байсеркеновтің «Абылайдың ақырғы күндерінде»), Әбутәліп (Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күнінде»), т.б. рөлдерді сомдады. .

### **30. Дөңгелек үстел**

Мектеп сахнасында қойылған көріністерге талдау жасау, өзара пікір алысу

### **31. Театр әртістерімен кездесу**

Қазақ драма театры әртістерімен кездесу кештерін ұйымдастыру

### **32. Өзіндік тапсырмалар (өлең жазу, сөзжұмбақ құрастыру, ойтолғау, ертегі, шығарма жазу)**

Шығармашылық жұмыстар - оқушының шығармашылық қабілеті мен өз пікірін қорғауы.

### **33. "Үздік актер" байқауын өткізу**

Жыл бойына көрсетілген сахналық қойылымдар бойынша шебер орындаушыларды марапаттау

### **34. Қорытынды кеш**

Келесі оқу жылына жоспар құру

## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Қазақ өнерінің тарихы III том- "Өнер-2008 жыл"

- 2.3.Қабдолов "Сөз өнері" Алматы-1992 ж
- 3.Ш.Мұртаза "Қызыл жебе" А-1993 ж
- 4.Қ.Жұмалиев "Әдебиет теориясы" А-1987 ж
- 5.Б.Ысқақов "Кішкене театр" А-1959 ж
- 6."Шағын пьесалар" А-1962 ж
- 7."Кеш жарық" А-Өнер-1989 ж
- 8."Мектеп кеші көңілді" А-Өнер-1990
9. "Сценарии школьных праздников" С-Паритет-2000 ж
- 10.С.Негимов «Шешендік өнер», Ана тілі-А-1997 ж
11. Кк. [wikipedia.org/wiki/](http://wikipedia.org/wiki/) театр сайты
- 12 Massaget. kz /madeniet/ 2236 сайты.